

Ұлытау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 12 наурыздағы № 262 "Ұлытау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылды әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Ұлытау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 қыркүйектегі № 316 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 қазанда № 5498 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 08 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы №183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Ұлытау аудандық мәслихатының 2019 жылғы 12 наурыздағы XXX сессиясының "Ұлытау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылды әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы" № 262 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5235 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2019 жылғы 27 наурызда және аудандық "Ұлытау" газетінің 2019 жылғы 30 наурыздағы №13-14 (6191) санында жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2019 жылды Ұлытау ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, өтініш берген сәтіне жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін өтініш берген сәтіне, маманмен мәлімделген сомада, бірақ бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспайтын сомада бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.".

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Аудандық мәслихат хатшысы

A. Бейсенбаев

T. Сейтжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК